



Әділет біліктілік алқасының және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты тәртіптік алқасының шешімдеріне берілген шағымдар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 1999 жылғы 24 наурыз N 19

Жоғары Сот Кеңесінің материалдарын қарай келіп, "Қазақстан Республикасындағы соттар мен судьялардың мәртебесі туралы" U952694_ Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар Жарлығының 50-бабына сәйкес:

1. Ақмола облысы Шортанды ауданының судьясы Е.Х.Құзғановтың шағымы қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Әділет біліктілік алқасының 1998 жылғы 12-13 қарашадағы шешімінің судьяға қойылатын талаптарды орындамауына байланысты Е.Х.Құзғановты қызметінен босатуға ұсыным беру жөніндегі бөлігі күшінде қалдырылсын.

2. Н.П.Червякованың шағымы қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Әділет біліктілік алқасының 1998 жылғы 17-18 қыркүйектегі

шешімінің Н.П.Червякованы атқаратын қызметіне сәйкес келмеуіне байланысты босатуға ұсыным беру жөніндегі бөлігі күшінде қалдырылсын.

3. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты тәртіптік алқасының 1998 жылғы 3 желтоқсандағы шешімімен Алматы қалалық соты азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы С.В.Лобачка берілген жаза неғұрлым жеңіл жаза - қатаң сөгіспен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Оқығандар:

(Қасымбеков Б.А.)

(Икебаева Ә.Ж.)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК